



БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ЖАСТАН ДАМЫТУ МЕН ОТБАСЫ МӘСЕЛЕСІ:

ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ
ТӘЖІРИБЕ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ

17-18/04/2024
Алматы қ.





Ақпараттық хат

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 80 жылдығына орай 2024 жылдың 17-18 сәуір аралығында өтетін «**Балаларды ерте жастан дамыту мен отбасы мәселесі: зерттеу және тәжірибе**» атты Халықаралық конференцияға қатысуға шақырамыз.

Конференция қатысушалары:

- зерттеуші ғалымдар;
- колледж және ЖОО-ның профессор-оқытушылары;
- докторанттар, магистранттар, студенттер мен жас ғалымдар;
- мектепке дейінгі ұйым басшылары мен тәрбиешілері.

Конференцияның негізгі мақсаты: Балаларды ерте жастан дамыту және отбасы тәрбиесінің өзекті мәселелерін талқылауда диалогтік алаң құру, ғалымдардың халықаралық байланыстары мен ғылыми ынтымақтастығын кеңейту, тәжірибелерімен бөлісу.

Конференцияның өтетін күні: 17-18 сәуір 2024 жыл.

Конференцияның өтетін орны: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Гоголь к-ші, 114. АКТ залы.

Конференция бағыттары:

1. Балаларды ерте жастан дамытудың үздік тәжірибелері мен инновациялары;
2. Балаларды ерте жастан дамытудың білім беру ортасын құру;
3. Отбасы мәселесі және оған қолдау көрсету;
4. Инклюзивті білім беру.

Авторларға арналған ережелер:

Мақаланы жариялау шарттары:

- Ғылыми зерттеулердің тұтастығын қамтамасыз ету үшін авторлар ғылыми жарияланымдардың халықаралық стандарттарын ұстануы қажет.
- Мақаланың бірегейлік дәрежесі антиплагиатқа тексеріледі (редакциялық алқаның шешіміне сәйкес).
- Талаптарға сәйкес келмейтін мақалалар жариялауға қабылданбайды және авторларға қайтарылады.

Жарияланым тілі: қазақ, орыс, ағылшын.

Мақаланы қабылдау мерзімі: 20 наурыз 2024 жылға дейін.

Ғылыми мақала *APA Style* арқылы рәсімделеді.

Ғылыми мақаланың құрылымы:

- FTAMP (ғылыми техникалық ақпараттың мемлекетаралық айдары);
- Мақаланың атауы (бас әріптер, қалың қаріп, үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын);
- Автордың аты-жөні және тегі (қалың қаріп);

- Аңдатпа (50-60 сөз, курсив, қаріп өлшемі – 12);
- Кілтті сөздер (4-5 сөз);
- Негізгі бөлім;
- Қорытынды;
- Әдебиеттер тізімі.

Мақаланың көлемі (атауын, авторлар туралы мәліметтерді, аннотацияны, түйінді сөздерді, библиографиялық тізімді есепке алмағанда) - 3-5 бет.

Мақалаға қойылатын талаптар:

- Пішім – Microsoft Office Wordc(.docx, .doc);
- Қаріп – Times New Roman (орыс және ағылшын тілдері үшін), KZ Times New Roman (қазақ тілі үшін);
- Негізгі мәтіннің қаріп өлшемі – 14, қаріп түсі - қара;
- Өрістер: сол – 30 мм, оң – 15 мм, жоғарғы – 20 мм, төменгі – 20 мм;
- Мәтінді парақтың еніне туралау керек;
- Абзац шегінісі – 1,0;
- Жоларалық интервалы – 1,0;
- Абзацтар арасында қосымша жоларалық бос орындар мен аралықтар болуға жол берілмейді;
- Теру кезінде стильдерді қолдануға жол берілмейді және бағандар орнатылмайды;
- Ескертулерді өрістерге шығаруға жол берілмейді;
- Мәтінді ішінен негізгі сөзді (ойды) белгілеу – курсив, қалың қаріп.

Конференцияны ұйымдастыру комитеті:

№	Секция атауы	Жауапты	Байланыс телефондары	Эл. пошта
1	Балаларды ерте жастан дамытудың үздік тәжірибелері мен инновациялары	Абдурахманова Майра Махамбетқызы	8 747 4045624	abdurakhmanova.m@qyzpu.edu.kz
2	Балаларды ерте жастан дамытудың білім беру ортасын құру	Ерзат Жанбота	8 777 023 2387	erzat.zh@qyzpu.edu.kz
3	Отбасы мәселесі және оған қолдау көрсету	Серікова Орал Серікқызы	8 777 155 2193	serikova.o@qyzpu.edu.kz
4	Инклюзивті білім беру	Тян Виолетта Дмитриевна	8 775 917 2269	tyan.v@qyzpu.edu.kz

Ескерту: Конференция материалдарының жинағы тек электронды түрде жарияланатынын және университеттің <http://kazmkpu.kz/> вебсайтында орналасатынын хабарлаймыз.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Алматы қ., Гоголь көшесі, 161, №2 оқу ғимараты, Педагогика және психология институты, Мектепке дейінгі білім беру кафедрасы, 308 кабинет.

Тел.: 8 747 404 5624, 8 777 023 2387